



"МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

"Мұнай сақтандыру компаниясы" Акционерлік Қоғамының

Директорлар Кеңесі Бекіткен

2026 жылғы «03» қыркүйектегі № 02-01/18 хаттама

2026 жылғы «03» қыркүйектен бастап күшіне енеді

Семей қ., 2026 жыл

МАЗМҰНЫ:

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	3
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	3
4.	АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН АДАМДАР	3
5.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	4
6.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ.....	4
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ	4
8.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4
9.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	6
10.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ	6
11.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	7
12.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ	7
13.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ	7
14.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	8
15.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	8
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	9
17.	ҚОСЫМША ШАРТТАР	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ, бұдан әрі – "Сақтандырушы", "аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы № 440-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң), осы аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру Ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында аудиторлық ұйымның сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы аудит жүргізу кезінде мүліктік зиян келтірілген аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасасады.
- 1.2. Сақтандыру ережелерінде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
 - 1.2.1. Аудиттелетін субъект-аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуге шарт жасасқан заңды тұлға;
 - 1.2.2. Пайда алушы-заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 1.2.3. Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі-аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген аудит жүргізген кезде аудиттелетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндеті;
 - 1.2.4. Сақтанушы-сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан аудиторлық ұйым;
 - 1.2.5. Сақтандыру омбудсманы - өз қызметінде "сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын тәуелсіз жеке тұлға;
 - 1.2.6. Сақтандырушы-сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген соманың шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
 - 1.2.7. Сақтандыру төлемі-сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 1.2.8. Сақтандыру сыйлықақысы-сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 1.2.9. Сақтандыру сомасы-сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 1.2.10. Сақтандыру жағдайы-басталуымен сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға)сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 1.2.11. Франшиза-сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі (бұдан әрі - аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру) аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген аудит жүргізген кезде аудиттелетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 3.2. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген не Сақтанушы аудиттелетін субъектілердің зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп таныған және сақтанушының талаптарын танумен сақтандырушының келісімі жасалған күннен бастап басталған болып есептеледі.

4. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН, ТҰЛҒАЛАР

- 4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында мүлдіктік мүдделеріне аудит жүргізу кезінде зиян келтірілуі мүмкін аудиттелетін субъектінің пайдасына жасалатын сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.
- 5.2. Сақтандыру шартында моральдық зиянды, жоғалған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, Сақтанушы аудит жүргізген кезде аудиттелетін субъектілерге зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
- 5.3. Сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
- 5.4. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда оның жекелеген талаптарының толық болмауына байланысты дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 5.5. Сақтанушының қалауы бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушыға жазбаша жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында цифрлық ресурстармен алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
- 5.6. Егер сақтандыру шарты сақтанушының немесе аудиттелетін субъектінің жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын шарттармен жасалған болса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен аудиттелетін субъект алдында заңда белгіленген шарттармен міндеттеме алады.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 6.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген жағдайда- бірінші сақтандыру жарнасы салынған кезде күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 6.2. Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.
- 6.3. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 6.4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

- 7.1. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:
- 7.1.1. сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің өтуі;
- 7.1.2. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7.1.3. Сақтандырушының сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.
- 7.2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 7.3. Егер сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаса, соңғысы сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге жағдайларда Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды түрде құқығы болады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Сақтанушы құқылы:
- 8.1.1. сақтандырушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 8.1.2. сақтандыру төлемін заңда көзделген тәртіппен және шарттарда алуға;
- 8.1.3. сақтандыру Ережелерінің 13-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

- 8.1.4. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттар "сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;
- 8.1.5. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептеулерімен (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) танысуға;
- 8.1.6. Сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.
- 8.2. Сақтанушы міндетті:
- 8.2.1. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 8.2.2. сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;
- 8.2.3. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын Сақтандырушыға көшуді қамтамасыз етуге;
- 8.2.4. аудит жүргізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап қою арызын қою туралы оған белгілі болғандай, дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыны қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге;
- 8.2.5. сақтанушы аудит қызметтерін көрсеткен адамды аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі өзінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы хабардар етуге.
- 8.2.6. сақтандырушыға келтірілген зиянды өтеу міндеті туындаған оқиғаның себептері, барысы мен салдарын, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
- 8.2.7. сақтандырушыға аудиттелетін субъектінің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін мүмкіндік беруге;
- 8.2.8. сақтандыру жағдайынан шығынның алдын алу немесе азайту шараларын қабылдауға;
- 8.2.9. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.
- 8.3. Сақтандырушы құқылы:
- 8.3.1. сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері және аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпарат беруді талап етуге;
- 8.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін айқындауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 8.3.3. аудит жүргізумен байланысты міндеттерді орындау нәтижесінде Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы аудиттелетін субъектілердің талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 8.3.4. сақтандыру Ережелерінің 14-бөлімінде көзделген жағдайларда зиян келтіруге жауапты адамға кері талап қою құқығын беруге;
- 8.3.5. сақтандыру Ережелерінің 13-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.
- 8.3.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.
- 8.4. Сақтандырушы міндетті:
- 8.4.1. Сақтанушыны аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыру, оның аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 8.4.2. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысы толық немесе ішінара қайтаруға;

- 8.4.3. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушының өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 8.4.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін заңда көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізуге;
- 8.4.5. аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлау кезінде оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 8.4.6. сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;
- 8.4.7. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8.4.8. сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарау және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 8.4.9. сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жолдауға.
- 8.4.10. Сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

9. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

- 9.1. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері аудиторлық ұйыммен жасалған сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 10 000 еселенген мөлшерін құрауға тиіс.
- 9.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 пайызынан аспауға тиіс.
- 9.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.
- 9.4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде бөтен ақшаны заңсыз пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 9.5. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

- 10.1. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы аудиттелетін субъектінің талап ету сомасы немесе 5.2-тармақтың ережелерін ескере отырып, келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде айқындайды. .
- 10.2. Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін осындай шығыстар қажет болса немесе жүргізілсе, Сақтандырушы өтеуге тиіс.
- 10.3. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін, егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 10.4. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте франшиза мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес пайызынан аспауға тиіс.
- 10.5. Келтірілген зиян мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асатын жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 11.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы не аудиттелетін субъект жазбаша нысанда қояды, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырады.
- 11.2. Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші сақтандырушының қолы жететін мемлекеттік органдардың деректер базаларында және (немесе) цифрлық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұскаларын сақтандырушыға ұсынуға міндетті.
- 11.3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесілер қоса беріледі:
 - 11.3.1. аудит жүргізген кезде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, аудиттелетін субъектінің Сақтанушы таныған зиянды өтеу туралы талабы;
 - 11.3.2. заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;
 - 11.3.3. Сақтанушы мен аудиттелетін субъект арасында жасалған аудит жүргізуге арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;
 - 11.3.4. Залалды алдын алу және мөлшерін азайту бойынша шараларды қолдануға байланысты шығындарды растайтын құжаттар (болған жағдайда);
 - 11.3.5. аудиттелетін субъектінің келісімімен аудиторлық есептің көшірмесі.
- 11.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.
- 11.5. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

- 12.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқылы емес.
- 12.2. Аудит жүргізу нәтижесінде Сақтанушы зиян келтірген аудиттелетін субъект Пайда алушы болып табылады, ал аудиттелетін субъект қайта ұйымдастырылған жағдайда оның құқықтық мирасқоры болып табылады.
- 12.3. Сондай-ақ, Сақтанушы немесе аудиттелетін субъектіге (оның құқықтық мирасқорына) заңда белгіленген сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде келтірілген зиянды өтеген және Сақтандырушыдан өз шығыстарын өтеуге құқық алған өзге тұлға Пайда алушы бола алады.
- 12.4. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру Ережелерінің 11-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.
- 12.5. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы даулаған жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру Ережелерінің 12.4-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
- 12.6. Сақтандыру төлемінің даулы бөлігін Сақтандырушы бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде не егер сот шешімді дереу орындауға жүгінбесе, осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуі тиіс.
- 12.7. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.
- 12.8. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

13. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 13.1. Егер сақтандыру жағдайы төменгілер салдарынан болған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
 - 13.1.1. аудиттелетін субъектінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

- 13.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған аудиттелетін субъектінің іс-әрекеттері.
- 13.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз бола алады:
 - 13.2.1. Сақтанушының шығын келтіргені үшін кінәлі адамнан залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 13.2.2. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;
 - 13.2.3. сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән жайларын тергеуге және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
 - 13.2.4. аудиттелетін субъектінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді бұзуы;
 - 13.2.5. сақтанушының Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында айқындалған аудиторлық ұйымның функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;
 - 13.2.6. аудиттелетін субъектінің Сақтанушыға аудит жүргізу үшін қажетті толық емес және (немесе) дәйексіз құжаттаманы және басқа ақпаратты ұсынуы.
- 13.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбесе не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмаса, оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын береді.
- 13.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы қолданыстағы заңнамада көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) құқығы туралы хабардар ете отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешім жіберуге міндетті) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгінуге құқылы.
- 13.5. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- 14.1. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (пайда алушы) құқылы:
 - 14.1.1. талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге немесе "сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жүгінуге.
- 14.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қарайды және ұсынады.
- 14.3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

15. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының келесі жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар:
 - 15.1.1. Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

- 15.1.2. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттер жасауы;
- 15.1.3. Сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдауы;
- 15.1.4. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 15.1.5. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.
- 15.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы өтеді.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 16.1. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

17. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 17.1. Қазақстан Республикасының аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

